

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2007 жылғы 30 наурыздағы N 61 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 30 масымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4772 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 133 Қаулысы.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысы.

РҚАО-ның ескертуі. Бұл қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 3 наурыздағы N 55 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1471 тіркелген, 2001 жылғы 4 маусымдағы N 26 "Юридическая газета" газетінде жарияланған);

2) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1471 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 3 наурыздағы N 55 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 9 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2713 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және жергілікті мемлекеттік органдарының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің бюллетенінде жарияланған, 2004 жыл, N 33-36, 991-бет.).

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (Г.А. Бахтиярова):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н.Өзбековке жүктелсін.

Төраға

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банк

Төрағасы

Келісілді

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат

министрлігінің Ақпараттар

және мұрағаттар комитетінің

Т ө р а ғ а с ы

(қолы, күні, елтаңбалы мөр)

(қолы, күні, елтаңбалы мөр)

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2007 жылғы 30
наурыздағы N 61 қаулысымен

бекітілген

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесі

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы Заң) 66, 67,73- баптарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру тәртібін, ерікті таратылатын

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының жұмысының ерекшеліктерін, ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетін қалыптастыруды және қызметін, тарату шығыстары сметасын қалыптастыру және бекіту тәртібін, тарату комиссиясының кассалық тәртіпті сақтау жөніндегі талаптарын анықтайды.

Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәндер бойынша пайдаланылады.

1-тарау. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беру тәртібі

1. Ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса ұ с ы н ы л а д ы :

1) акционерлердің жалпы жиналысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату туралы шешімі;

2) тарату комиссиясының, оның ішінде филиалдарында не өкілдіктерінде құрылған бөлімшелеріндегі мүшелікке кандидаттардың тізімі;

3) аудиторлық есеппен расталған, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін толық орындауы үшін жеке қаражатының жеткіліктілігін куәландырып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату туралы акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған күнгі барлық шоттары т а л д а н ғ а н б а л а н с т ы қ ш о т ;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату туралы акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған күні жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерінің сомасы туралы мәлімет енгізілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар тізімі;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен жасаған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерінен тұратын сақтандыру портфелін қабылдау-өткізу актісі (осындай беру бар болса);

5-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелер жоқ болған жағдайда, с ә й к е с і н ш е р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ;

б) акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз қызметін тоқтатуға (жоспар және кесте) дайындықтың мерзімдері мен кезеңдері туралы іс-шаралар тізбесі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 189 Қаулысымен.

2. Ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтініште сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық кредиторларының талаптарын толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету туралы міндеттеме болуы тиіс.

3. Ерікті таратуға рұқсат беру туралы өтінішті уәкілетті орган барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап бір ай ішінде қарайды.

4. Уәкілетті органның ерікті таратуға рұқсат беру туралы шешімі өтініш иесі алған күннен бастап күшіне енеді.

5. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беруден бас тартқан жағдайда өтініш иесін хабардар ететін дәлелді шешім шығарады.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беруден бас тартуды уәкілетті орган Сақтандыру қызметі туралы Заңның 68- бабында көзделген негіздемелер бойынша жүргізеді.

2-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату процесінің басталуы

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның ерікті тарату туралы шешімін алғаннан бастап уәкілетті органның осының алдында берген лицензиясының түпнұсқасын уәкілетті органға осы шешім күшіне енген сәттен бастап бір апта мерзім ішінде қайтарады.

8. Ерікті тарату процесінің басталуы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының құрылған күні болып есептеледі.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысы уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерін ескеріп, ерікті таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енген күннен бастап қырық бес күнтізбелік күн мерзімнен кешіктірмей құрады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының құрамына өзгеріс енгізу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы құрылған күннен бастап және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату процесі аяқталғанға дейін:

1) ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жалпы жиналысының, басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының өкілеттіктері, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлікке иелік ету және міндеттемелерін өтеу, сондай-ақ осы Ережеде көзделген

жағдайдан басқасында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын басқару жөніндегі олардың құқықтары тоқтатылады;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан немесе соның есебінен жүзеге асырылатын іс-қимылдар егер оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы не төраға осы іс-қимылдарды жасауға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхат берген тұлға жасаған жағдайда ғана заңды күші болады ;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты мүліктік сипаттағы барлық талаптар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы атына ғана ұсынылуы мүмкін және осы Ережемен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен қаралуы мүмкін ;

4) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлық берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын және сыйақыны есептеу тоқтатылады ;

5) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкіне шара қолдану туралы сұрату жасауға барлық заңнамалық белгіленген шектеулер алынып тасталады.

3-тарау. Тарату комиссиясы

11. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және ісін басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер беріледі .

Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтау үшін, оның ішінде оның кредиторлары мен акционерлерінің есеп айырысуын қамтамасыз ету жөніндегі істерін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан іс-қимыл жасайды және оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде дербес әрекет етеді. Тарату комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының жұмысына басшылық жасайды және оның қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылуына дербес жауап береді. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін орынбасар орындайды.

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары не өкілдіктері болған жағдайда оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының жергілікті жерде құрылған бөлімшесі (бұдан әрі - бөлімше) таратады. Бөлімше құрамы тарату комиссиясы мүшелерінің арасынан қалыптасады және тарату комиссиясы төрағасының бұйрығымен тағайындалады.

14. Бөлімшеге тарату комиссиясы мүшелерінің арасынан тарату комиссиясының төрағасының бұйрығымен тағайындалатын бөлімше басшысы (бұдан әрі - бөлімше басшысы) басшылық жасайды. Бөлімше басшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген және оған тарату комиссиясының төрағасы берген сенімхат негізінде жүзеге асырады. Бөлімше басшысы және бөлімше тарату комиссиясының төрағасының алдында есепті.

15. Тарату комиссиясы мүшесінің, бөлімше басшысының, тарату комиссиясына тартылған қызметкердің құқықтары мен міндеттері, еңбекке ақы төлеу талаптарын қоса алғанда тарату комиссиясының төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартында айқындалады.

Жұмысқа қабылдау сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

16. Тарату комиссиясының төрағасы қызметіне жедел басшылық жасауды жүзеге асырады, бөлімшелер мен олардың басшыларының қызметіне бақылау жасайды.

17. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасының тәртібін бұзған жағдайда тарату комиссиясының төрағасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының құрамына "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабының 3-тармағына сәйкес енгізіледі.

19. Т а р а т у к о м и с с и я с ы :

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары өз талаптарын ұсыну құқылылығына байланысты кредиторлардың талап-шағымдарының (өтініштерінің) тәртібін, мерзімін және мекен-жайын міндетті түрде көрсете отырып, Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын екі мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату туралы ақпаратты жариялайды.

Талап-шағым өтініштерін беру мерзімі тарату туралы ақпарат жарияланған сәттен бастап екі айдан кем болмауы тиіс;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшылығынан сақтандыру (

қайта сақтандыру) ұйымының құқықтарын анықтайтын құжаттарды, мөрдi, штапты, ақпараттың электронды тасымалдағыштарын, бағдарламалық қамтамасыз ету, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бланктерiн және басқа құжаттарын қажеттi құндылықтар мен құжаттарды қабылдау-өткiзу актiсiн жасай отырып, дереу талап етедi;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерiн қабылдайды;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кассасына тез арада түгендеу жүргiзедi, ақша қалдығын таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шоттарына аударады;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы тағайындаған күннен бастап он жұмыс күнi iшiнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктiк шоттарын салыстырып тексередi, оларды жабады және таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының теңгемен және валютамен ағымдағы шоттарын ашады;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерiктi таратуға рұқсат беру туралы уәкiлеттi органның қабылдаған шешiмiнiң көшiрмелерiн, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының тағайындалғаны туралы хабарландыруды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары қарауы үшiн көрнекi жерге орналастырады;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерiн анықтайды;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылу мақсаттарына сәйкес активтерiн басқарады;

9) **алынып тасталды**

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан сотта талап қояды және оның мүддесiн бiлдiредi;

11) тарату комиссиясы құрылған күнге электронды түрдегi бар есептiк-бухгалтерлiк ақпаратты басып шығарады.

Мұндай ақпарат электронды түрде жоқ болған жағдайда көрсетiлген күнге қағазға шығарылған ақпарат негiзге алынады;

12) сақтандыру агенттерiндегi сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шарттарының (полистерiнiң) бланктерi және қолма-қол ақша қалдықтары алынады;

13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерiктi тарату туралы уәкiлеттi органның шешiмi күшiне енгенге дейiн пайда болған сақтандыру жағдайларына байланысты сақтандыру төлемдерiн жүзеге асыру (жүзеге асырудан бас тарту) туралы шешiмдi белгiленген тәртiппен қабылдайды;

14) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық материалдық жауапкершiлiк алатын тұлғалар аясын, оның iшiнде бухгалтерлiк есептi жүргiзудiң электронды жүйесiне және қаржылық және өзге есеп берудi өндеуге

рұқсаты бар тұлғаларды анықтайды;

15) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істері мен құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылдағаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын сақтауды ұйымдастыратын жауапты тұлға тағайындалады;

16) бағдарламалық қамтамасыз етудің және ақпаратты электронды тасымалдағыштардың, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа ақпараттарының сақталуы қамтамасыз етіледі;

17) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкерлерін Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес жұмыстан шығарады;

18) өз жұмысы мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті сандағы қызметкерлерді жалдайды;

19) кредиторлардың тізімін жасайды, бар құжаттар бойынша олардың мекен-жайын белгілейді және оны талдамалық есеп деректерімен салыстырады;

20) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының әрбір кредиторын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ерікті таратылып отырғандығы туралы жазбаша х а б а р д а р е т е д і ;

21) кредиторлар туралы мәліметтер болмаған жағдайда бар деректемелерді көрсете отырып және жазбаша хабарлама берудің мүмкін болмау себебін көрсетіп, а к т ж а с а й д ы ;

22) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларының талаптарының заңдылығын анықтайды және оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бекітілген аралық таратылу балансымен және кредиторларының талаптарының тізіліміне сәйкес қанағаттандырады;

23) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратудың барлық кезеңі ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттары мен мүлкінің сақталуы туралы ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы ;

24) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дебиторларының берешегін алу, оның ішінде сақтандыру резервтерінің орналастырылған қаражатын қайтару жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы ;

25) жасалған жұмыс туралы есепті, сондай-ақ тарату процесіне қатысты өзге де мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады;

26) кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыру үшін мүліктің жеткіліксіздігі фактісі белгілі болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын банкрот деп тану туралы сотқа өтініш береді;

27) тарату, тарату балансы туралы есеп жасайды және оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлерінің жалпы жиналысына бекіту үшін ұ с ы н а д ы ;

28) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталған кезде құжаттарды белгіленген тәртіппен мұрағатқа сақтауға өткізеді және бұл жөнінде уәкілетті органға мәлімдейді;

29) осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 189 Қаулысымен.

20. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының теңгедегі және шетел валютасындағы ағымдағы шоты оның бас офисі тұрған жерде екінші деңгейдегі банкте ашылады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы Ереже бойынша көзделген касса лимитінен басқа, оның ішінде филиалдары не өкілдіктерінің барлық ақшасы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына есептеледі.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдында берешегі жоқ заңды және жеке тұлғалардың жазбаша талаптары бойынша тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату туралы шешім алынғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктік шоттарына түскен ақшаны дереу (талап етуді алған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде) қайтарады.

21. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу заңсыздықтары немесе өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда ол туралы белгіленген тәртіппен құқық қорғау немесе сот органдарына сұрату жасалады немесе бұл туралы уәкілетті органға хабардар етіледі.

22. Тарату жоспары және кестесі бойынша белгіленген мерзімдер бұзылған жағдайда тарату комиссиясы он күндік мерзімде уәкілетті органға тиісті құжаттар көшірмесін, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан бекітілген тарату жоспары және кестесі қоса берілген тиісті жазбаша түсіндіруді ұсынады.

4-тарау. Тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру және бекіту

23. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға байланысты барлық шығыстар осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаражаты есебінен ғана жасалады.

Тарату өндірісіне, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығыстар,

таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі функциясын қамтамасыз ету қажеттілігінен пайда болатын шығыстар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті тарату туралы уәкілетті орган шешімі заңды күшіне енгенге дейін пайда болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған шығыстар кезектен тыс және тұрақты жасалады. Тарату массасын мақсатсыз жұмсауға жол берілмейді.

24. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығыстарын тәртіпке келтіру мақсатында тарату комиссиясы қызметі аралығында тарату комиссиясының тарату шығыстарының сметасы жасалады.

25. Тарату комиссиясы, кредиторлар комитеті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату шығыстары сметасын қалыптастыру және бекіту кезінде тарату шығыстарының нақтылық, негізділік, мақсаткерлік және шынайылық принциптерін басшылыққа алады.

Тарату шығыстарының нақтылық принципі тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру кезінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нақты қаржылық жағдайын, оның ішінде кредиторлар алдындағы берешектер көлемін негізге алуды болжалдайды.

Тарату шығыстарының негізділік принципі тарату өндірісінің белгілі бір кезеңінде болжалданып отырған шығындардың объективті қажеттігі деп түсіну қажет.

Мақсаткерлік принципі тарату комиссиясы жасап отырған шығындар алға қойылып отырған мақсатқа сәйкес келетіндігін, яғни тарату өндірісін аяқтауға және таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысуға бағытталғандығын білдіреді.

Тарату шығыстарының шынайылық принципі жасалған шығындарды тарату комиссиясының құжаттамалық растауы арқылы көрініс береді.

26. Тарату комиссиясы тарату шығыстары сметасын қалыптастыру кезінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қандай да бір кәсіби қызметпен айналыспайтындығын негізге алады және тарату комиссиясының негізгі міндеті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтау, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлармен және акционерлерімен есеп айырысу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын сақтай отырып шаралар көру болып табылады.

27. Тарату шығыстары сметасында қажеттілік шегіне байланысты мынадай шығын баптары көзделеді:

- 1) қызметкердің еңбегіне ақы төлеу шығыстары;
- 2) бюджетке аударым жасау;
- 3) әкімшілік шығыстар;
- 4) тарату өндірісін жүзеге асыру үшін қажет тауар-материалдық

құндылықтарды сатып алу жөніндегі шығыстар;

5) іссапарлық шығыстар.

28. Қызметкердің еңбегіне ақы төлеу шығыстары мынадай шығындарды көздейді: тарату комиссиясы төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бар филиалдарын ескере отырып, тарату комиссиясына тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу.

Шығыстарда мынадай сомалар көрсетіледі:

1) лауазымды жалақы;

2) мемлекеттік бюджетке аударылатын табыс салығы;

3) міндетті зейнетақы жарналары.

29. Еңбекке ақы төлеу бөлігіндегі тарату шығыстары сметасын қалыптастыру кезінде есеп айырысулар жасалған жеке еңбек шарттарына және жұмысқа қабылдау жөніндегі бұйрықтарға негізделеді. Қызметкердің еңбегіне ақы төлеу шығыстарының бабы штат кестесіне сәйкес қалыптасады.

30. Бюджетке төленетін салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының салықтық заңнамаларының талаптарына сәйкес жасалады.

31. Әкімшілік шығыстар мыналар үшін көзделуі мүмкін:

1) қызметтік және шаруашылық қажеттіліктер үшін көлік жалдау қызметі;

2) байланыс қызметі (телекоммуникациялық шығыстар, телефонды, телеграфты пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесулер, почта және анықтамалық қызмет бойынша шығыстар);

3) үйлер мен ғимараттарды (меншікті және кепіл мүлікті) күзету және
с и г н а л и з а ц и я қ ы з м е т і ;

4) көлікті күзету қызметі;

5) көлік үшін тұрақ ұсыну қызметі;

6) көлікті тіркеу қызметі;

7) көлікті техникалық жағынан қарау қызметі;

8) көлікті сақтандыру қызметі;

9) коммуналдық қызмет;

10) медігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын ағымдық жөндеу, негізгі құрал-жабдықтарға техникалық, сервистік қызмет көрсету (қарау);

11) үй - ж а й д ы ж а л д а у ;

12) тіркеу органдарында жылжымайтын мүлікті және тиісті құжаттаманы
т і р к е у ж ө н і н д е г і қ ы з м е т ;

13) мүлікті бағалау жөніндегі қызмет;

14) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөніндегі қызмет;

15) жылу жүйесін іске қосуға дайындық жасау қызметі;

16) сантехникалық жұмыстар;

- 17) мүлікті сақтау жөніндегі қызмет;
- 18) мемлекеттік баж салығын төлеу;
- 19) нотариатта куәландыру жөніндегі қызмет;
- 20) мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру жөніндегі қызмет;
- 21) терезе, есіктерге торкөз дайындау және қою жөніндегі жұмыстар;
- 22) аукциондар өткізу жөніндегі қызмет;
- 23) сараптама жасау жөніндегі қызмет;
- 24) аудит өткізу жөніндегі қызмет;
- 25) құжаттарды аудару жөніндегі қызмет;
- 26) телефон нөмірлерін қою, ауыстыру және қолға алып жүру жөніндегі қызмет;
- 27) акционерлердің тізілімін актуалды жай-күйде ұстау үшін қажет тіркеуші қызметі;
- 28) құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу жөніндегі қызмет және оларды мұрағатқа өткізу;
- 29) таратуды тіркеу үшін алым төлеу қызметі.

Жұмыс пен қызметке төлем жасау тұрақты және бір жолғы сипатта болуы мүмкін.

32. Ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған және мыналар үшін қажетті жол берілген барынша төмен қор құру үшін тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу жөніндегі шығыстар:

- 1) жұмыс жағдайындағы офистік жабдықтарды ұстау;
- 2) көлік құралдарын ұстау;
- 3) үй-жайды ұстау;
- 4) қағаз және бланктік өнімдерді сатып алу;
- 5) кеңсе тауарларын сатып алу.

33. Тарату комиссиясы сатып алынатын әртүрлі қызмет пен тауар-материалдық құндылықтарды шығыстар сметасына енгізу кезінде есеп айырысуды тиісінше өңірде белгіленген тарифтік сеткалар мен орта рыноктық бағалар негізінде жасайды.

34. Тарату комиссиясы қызметкерлерінің іссапарға шығу шығыстары тарату шығыстарының сметасында көзделген қаражат шегі бойынша жүзеге асырылады.

35. Жоспарланып отырған және жасалған шығыстарды тарату комиссиясы уәкілетті органға шарттар, шот-фактуралар, чектер және өзге растаушы құжаттарды беру жолымен растайды.

36. Тарату комиссиясы оны уәкілетті орган тағайындағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тарату шығыстары сметасын қалыптастырады. Кредиторлар комитеті құрылғанға дейін тарату шығыстарының сметасын тарату комиссиясының төрағасы бекітеді.

37. Филиалдық желісі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясы бөлімшелерінің қызметін тарату шығыстарының шоғырландырылған сметасына енгізу үшін тарату комиссиясының бөлімшелері бөлігінде тарату шығыстары сметасын жасау жөніндегі тарату комиссиясы бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді. Тарату шығыстарының шоғырландырылған сметасы тарату комиссиясы бөлімшелерінің шығыстары бөлігінде жасалады.

38. Кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген соң тарату комиссиясы тарату шығыстарының сметасын тоқсан сайын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың бесінен кешіктірмей кредиторлар комитетіне бекітуге береді. Тарату шығыстарының сметасы тоқсан аясындағы әрбір ай бөлігі бойынша жасалады.

39. Кредиторлар комитеті тарату комиссиясы ұсынған тарату шығыстарының сметасын жоспарланып отырған кезеңнің алдындағы айдың он бесінен кешіктірмейтін мерзімде қарайды және бекітеді.

40. Тарату комиссиясының төрағасы, кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстарының сметасын тарату комиссиясы ол бекітілген күннің ертеңіне уәкілетті органға ұсынады.

41. Тарату комиссиясының төрағасы кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстарының сметасына алдын-ала міндетті түрде кредиторлар комитеті бекітетін өзгерістер мен толықтыруларды енгізе алады.

42. Тарату шығыстарының сметасын бекіткен орган оның орындалуына бақылау жасайды.

5-тарау. Тарату комиссиясының кассалық тәртіпті сақтауына қойылатын талаптар

43. Тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтері, кассирі, ал бөлімшелерде - бөлімше басшысы қолма-қол ақша мен құндылықтардың сақталуын, бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етеді, тарату комиссиясының кассасына түскен ақшаның уақтылы кіріске алынуына бақылауды жүзеге асырады.

44. Тарату комиссиясының төрағасы бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығы бар тұлғаларды бұйрықпен анықтайды.

Бір кассирі бар тарату комиссияларында оны ауыстыру қажет болған жағдайда кассирдің міндетін атқару тарату комиссиясы төрағасының жазбаша бұйрығымен басқа қызметкерге жүктеледі.

45. Қолма-қол ақша операцияларымен жұмысты орындап отырған, сондай-ақ өзге құндылықтарға рұқсаты бар тарату комиссиясының қызметкерімен толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасалады.

46. Қолма-қол ақшаны және құндылықтарды сақтау тиісінше жағдайда күзет, өрт және дабыл сигнализациясы құралдары бекітілген және сонымен жабдықталған, сейфтермен немесе жанбайтын металл шкафтармен жарақтандырылған үй-жайда жүзеге асырылады.

47. Ақшаны және құндылықтарды сақтайтын үй-жай мынадай талаптарға сай бо л у ы т и і с :

1) қабырғалар, едендер, төбелері - мықты жасалған, үй-жайдың барлық периметрлері бойынша торкөзі 150x150 миллиметр болатын шыбығының диаметрі 16 миллиметр металл торкөзбен қапталуы керек;

2) терезе ойықтары торкөзі 150x150 миллиметр болатын шыбығының диаметрі 16 миллиметр металл торкөзбен бекітілуі керек;

3) кіретін есіктер екі құлыпты, әрі металдан жасалған болуы тиіс (материалының қалыңдығы екі жағынан да 2 миллиметрден кем болмауы керек).

Тура осы есіктің ойығында құлыппен жабылатын торкөзі 150x150 миллиметр болатын шыбығының диаметрі 16 миллиметр металл торкөзбен қапталған торкөзді есік қойылады ;

4) үй-жай осы қызмет түріне тиісті лицензиясы бар күзет ұйымының орталықтандырылған пультіне қосылған үш қатарлы күзетпен, дабылмен және өрт сигнализациясымен жабдыкталады.

48. Тарату комиссиясы кассасының (бұдан әрі - касса) жұмысы аяқталған соң ақшаны және құндылықтарды сақтайтын үй-жай бір комплектісі кассирде, екіншісі - бас бухгалтерде, не тарату комиссиясының төрағасында болатын кілттермен және тарату комиссиясының мөрімен жабылады.

49. Кассада жасалатын қолма-қол ақшамен операциялардың есебі Қазақстан Республикасының заңнамасына және қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалады.

50. Кассадағы қолма-қол ақша қалдығы күнделікті лимиті бекітілген ай сайынғы шығыстар сомасын негізге алып, мына шектер бойынша анықталады:

ай сайынғы шығыстар касса қалдығының күн бөлімшелердегі сайынғы лимиті касса қалдығының күн сайынғы лимиті

5 миллион теңгеге дейін - 20 мың теңге - 20 мың теңге

5-тен 10 миллион теңгеге дейін - 40 мың теңге - 20 мың теңге

10-нан 20 миллион теңгеге дейін - 100 мың теңге - 20 мың теңге

20 миллион теңгеден жоғары - 150 мың теңге - 20 мың теңге

51. Осы Ереженің 50-тармағында белгіленген күн сайынғы лимит сомасы жоғарылап кеткен кезде тарату комиссиясының кредиторлармен есеп айырысу жүргізу мақсатында екінші деңгейдегі банктерден алынған қолма-қол ақшаны сақтауы қызмет көрсетуші банктен ақшаны алған күнді қоспағанда үш жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жүзеге асырылады.

52. Қолма-қол ақшаны кассаға қабылдау тарату комиссиясының бас бухгалтері және кассирі қол қойған кассалық кіріс құжаттары бойынша (қолма-қол ақшаны алып жүруге хабарлама және кассалық кіріс ордері) жасалады және кассалық кіріс журналында күн ішіндегі жалпы сома ретінде көрсетіледі. Кассаға басқа құндылықтарды қабылдау баланстан тыс ордерлермен ресімделеді.

53. Кассаға қабылданған қолма-қол ақша (оның ішінде дебиторлық берешекті өтеу есебінен және мүлікті сатудан алынған ақша) кассаға сол күні кіріске алынады және келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тарату комиссиясының ағымдағы шотына аударылады.

54. Кассадан қолма-қол ақшаны беру кассалық шығыс ордерлері бойынша жасалады. Басқа құндылықтарды беру баланстан тыс ордерлер бойынша ресімделеді.

55. Қолма-қол ақшаны кассалық шығыс ордері бойынша беру кезінде кассир немесе оның орнындағы адам алушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуін талап етеді, құжаттың атауын және нөмірін, кім және қашан бергенін жазып алады.

56. Қолма-қол ақшаны кассир немесе оның орнындағы адам тек кассалық шығыс ордерінде көрсетілген адамға ғана береді.

57. Егер ақшаны беру белгіленген тәртіп бойынша ресімделген сенімхат бойынша жасалса, онда кассир ордер мәтініндегі ақшаны алушының фамилиясы, аты-жөнінен кейін ақшаны алуға сенім білдірілген адамның фамилиясын, а т ы - ж ө н і н к ө р с е т е д і .

Егер ақша ведомосі бойынша берілген болса, онда ақшаны алу үшін қол қоятын орынның алдына кассир "сенімхат бойынша" деп жазба жасайды. Сенімхат кассирде қалады және кассалық шығыс ордеріне немесе ведомоске қосылып тігіледі.

58. Кассалық операциялар нәтижесінде пайда болған және кассалық құжаттар бойынша ресімделмеген ақшаның және құндылықтардың артық шығуы немесе кем шығуы тиісінше кіріске алынады немесе акт жасала отырып, кассирден төлеттіріліп алынады.

59. Қолма-қол ақшаны беруге арналған құжаттарға тарату комиссиясының төрағасы, бас бухгалтері және кассирі қол қояды, ал бөлімшелерде - бөлімше басшысы қол қояды.

60. Тарату комиссиясы қызметкерлерінің және тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу әрбір алушыға кассалық шығыс ордері жасалмайтын төлем (есеп айырысу-төлем) ведомосі бойынша жасалады.

61. Төлем (есеп айырысу-төлем) ведомосінің бірінші бетінде (аты көрсетілген) тарату комиссиясы төрағасының және бас бухгалтерінің қолымен қолма-қол ақшаны беру туралы, қолма-қол ақшаны беру мерзімін және сомасын жазбаша көрсету жөніндегі рұқсат беру жазбасы жасалады.

62. Жалақы төлеудің белгіленген мерзімі өткен соң кассир:

1) төлем жасалмаған адамның фамилиясының қарсы тұсына "Депонирленген" деген штамп немесе қолымен белгі қояды;

2) депонирленген сомаларының тізілімін жасайды;

3) ведомостің аяғында жалақының нақты төленген сомасы мен депонирлеуге жататын жалақының алынбаған сомасы туралы жазба жасайды, осы сомаларды төлем ведомосінің жалпы жиынтық сомасымен салыстырады және өзінің қ о л ы м е н б е к і т е д і ;

4) ведомосте нақты төленген соманы және кассалық шығыс ордерінің нөмірін көрсетеді.

63. Тарату комиссиясының қызметкерлеріне қолма-қол ақша тарату өндірісіне байланысты мақсаттар үшін есепті түрде беріледі.

Ақшаны есепті түрде берудің негіздемесі тарату комиссиясының бас бухгалтері және төрағасы қол қойған осы шығыстардың қажеттігін негіздейтін құжаттарды (тарату комиссиясының баянжазбасы, есептері, хаттамалары және басқалар) тиісті тәртіпте ресімдеу болып табылады.

64. Есепті түрде берілген сомалар бойынша, алынған күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, іссапарлық шығыстар болған жағдайда іссапар мерзімі аяқталған күннен бастап, есепті тұлғалар алынған сомалардың мақсат бойынша жұмсалғанын растайтын құжаттарды (барлық растаушы құжаттар қоса берілген аванстық есептер, тауарлардың төлемі және көрсетілген қызмет туралы чектер) береді.

65. Кассалық кіріс құжаттары, кассалық шығыс ордерлері және баланстан тыс ордерлер нақты және түсінікті етіп толтырылады. Бұл құжаттарда ешқандай өшіру, түзетіс немесе түзету, тіпті келісілгендеріне де жол берілмейді.

Кассалық шығыс ордерлерінде оларды жасау негіздемелері және оған қоса беріліп отырған құжаттар атап көрсетіледі.

66. Кассалық кіріс және шығыс ордерлері қосымшаларымен бірге күні, айы және жылы көрсетіліп, кассирдің немесе оның орнындағы адамның "Алынды" немесе "Төленді" деген қол жазбасымен немесе штамппен міндетті түрде жабылады.

67. Жұмыс күнінің соңында кассир кассалық кіріс және шығыс ордерлері негізінде кассир "Кассалық, сейфтік операцияларды және банкноттарды инкассациялау, Қазақстан Республикасының жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер мен ұйымдарда банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялауды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы N 58 қаулысы (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде N 1482 тіркелген) талаптарына сәйкес бір күн бұрын күн ішіндегі кассалық айналымдар мен құндылықтар қалдықтары туралы жиынтық анықтама жасайды және оның қорытындысын бухгалтерлік есептің деректерімен салыстырады. Салыстыру кассирдің және тарату комиссиясының бас бухгалтерінің қолдарымен расталады.

68. Тарату комиссиясы қолма-қол ақшаның қозғалысы мен мақсатты пайдаланылу есебі үшін осы Ереженің қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша кассир қабылданған және берілген ақшаның (құндылықтардың) есеп кітабын (бұдан әрі - касса кітабы) жүргізеді, ол нөмірленуі, тігілуі және мөрмен жабылуы тиіс. Касса кітабындағы парақтар саны төрағаның, бас бухгалтердің және кассирдің қолдарымен расталады.

69. Касса кітабында өшіруге, келісілмеген түзетулерге жол берілмейді. Қате түзетілген жағдайда "Түзетілді" деген жазба жасалады да, ол түзетілген күні көрсетіліп, тарату комиссиясының бас бухгалтердің және кассирдің қолдарымен р а с т а л а д ы .

Касса кітабын дұрыс және уақытылы жүргізуіне бақылау жасау тарату комиссиясы төрағасының бұйрығымен бас бухгалтерге жүктеледі.

70. Күн сайын жұмыс күнінің аяғында кассир касса кітабындағы күн ішіндегі операциялардың (кіріс және шығыс бойынша) қорытындысын есептейді, қолма-қол ақшаның қалдығын, сондай-ақ басқа құндылықтардың келесі күнге қалған қалдығын шығарады, ол түзетілген күні көрсетіліп, төрағаның, бас бухгалтердің және кассирдің қолдарымен расталады.

71. Кассадағы қолма-қол ақша қалдығы мен бухгалтерлік есеп деректері арасында алшақтықтар болған жағдайда бас бухгалтер бұл туралы алшақтық себептерін анықтау шараларын қолға алу үшін дереу тарату комиссиясының төрағасына хабарлайды. Артық немесе кем шығу расталған жағдайда акт жасалады.

72. Касса жинақталған соң кассир касса құжаттарын қалыптастырады және жинақтап тігеді. Қалыптастыру кезінде кассалық құжаттар баланстық шоттар бойынша (нөмірлеудің өсу ретімен) кіріс және шығыс бойынша жеке-жеке іріктеледі. Мемориалдық құжаттар баланстан тыс шоттардың нөмірі бойынша іріктеледі - басында кіріс, содан соң шығыс құжаттары беріледі.

73. Касса құжаттары келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей әр күн үшін жеке папкаларға қалыптастырылады.

Жинақталып тігілген құжаттардың жинақталған деректері саналады және күн ішіндегі касса айналымы туралы жиынтық анықтама деректерімен салыстырылады.

Жауапты қызметкерлер қол қойған кассалық және мемориалдық кіріс және шығыс ордерлерінің күн ішіндегі кассалық айналымдары туралы анықтамалар кассалық құжаттардан бұрын, папканың басына орналастырылады.

74. Тарату комиссиясының төрағасы белгілеген, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес мерзімде қолма-қол ақшаны толық қайта санау арқылы (банкнотты - парақтап, монеталарды - топтамалар бойынша) және басқа құндылықтардың болуын тексеру арқылы кассаға ревизия жасалады. Кассаны ревизиялау өндірісі үшін төрағаның бұйрығымен акт жасаушы комиссия тағайындалады.

75. Ревизия барлық құндылықтарға тексеру жүргізу және құндылықтар мен ақшаны талан-таражға салу және кем шығу мүмкіндігін жасыра алмайтын бірізділік бойынша жасалады.

Кассадағы құндылықтардың кем немесе артық шығуы анықталған жағдайда актіде кем шығу немесе артық шығу сомасы, олардың пайда болу жағдайлары көрсетіледі.

6-тарау. Активтерге иелік ету және талап-шағымдарды қарау

76. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалау құны бар мүліктерін және мүліктік игіліктері мен құқықтарын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басқа да талаптарын құрайды және тарату массасын қалыптастыру үшін негіз болады.

Тарату массасына таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына меншік құқығына жатпайтын мүліктер енгізілмейді.

77. Тарату комиссиясы кідіріссіз, осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкіне (активтеріне), жеке шоттарына, сақтандыру шарттарына (полистерге), басқа шарттарына түгендеу жүргізеді, сондай-ақ уәкілетті қызметкерлердің қатысуымен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланстық шоттар мен меморандум шоттарындағы барлық қалдықтарын салыстырады.

Түгендеу қорытындысы бойынша акт жасалады.

78. Түгендеу жолымен анықталған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның барлық активтері тарату массасына енгізілуі тиіс.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ерікті таратуға рұқсат беру туралы шешімді қабылдаған күнде банктің балансына енгізілмеген және түгендеу барысында анықталған активтер таратылып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның аралық тарату балансында көрсетілуі тиіс.

79. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары, басқа міндеттемелер жөніндегі барлық шарттар, бар құжаттары қоса беріліп, сипатталуға және есепке алу - тіркеу құжаттарымен салыстырылуға тиіс. Алшақтықтар анықталған, не құжаттар болмаған жағдайда акт жасалады.

80. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның мүлкіне баға беру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны тарта отырып баға береді.

81. Егер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның ақшасы кредиторлардың және акционерлердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және кредиторлардың комитеті бекіткен мүлікті сату жоспарына сәйкес жария сауда-саттық тәртібімен мүлкін сатады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында кредиторлардың комитеті болмаған жағдайда, мүлікті сату туралы шешімі, сондай-ақ таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның мүлкін сату жоспарын тарату комиссиясының төрағасы бекітеді және уәкілетті органға мәлімет үшін жібереді.

82. Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның мүлкін мынадай талаптар мен мақсаттарды ескере отырып сатады:

1) сатылатын мүлікке тиісінше өңірдегі мүліктің ұқсас түріне рыногтық бағасынан кем емес баға белгілеу;

2) мүлікті мүмкіндігінше неғұрлым жоғары бағамен сату;

3) мүлікті сатудан келетін шығындарды мүмкіндігінше азайту.

83. Берешектерін өтеу есебінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның мүлкін беруі, оның ішінде сот шешімін орындау есебінде, берген күнгі мүлікті бағалау актісі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

84. Мүліктік құқығы және заңды мүддесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті тарату туралы шешім қабылдауы нәтижесінде бұзылуы ықтимал заңды және жеке тұлғалар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы арасындағы дауларды тікелей реттеу мақсатында оның тарату комиссиясына құжаттарды растайтын көшірмелерін қоса отырып, жазбаша шағым-талап береді.

Кредиторлардың талаптарында талаптың мөлшері туралы (негізгі борыштың, сыйақы, тұрақсыздық айыбы және өзге айыппұл санкциялары, шығындар

мөлшері туралы жеке-жеке) мәліметтер қамтылады, талаптың негіздемесін және мөлшерін растайтын құжаттар қоса беріледі (күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері және басқа құжаттар).

85. Талап-шағым оны алған күннен бастап, егер басқа мерзімдер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және оның кредиторы арасындағы жасалған шартпен келісілмеген болса екі апталық мерзімде қаралуы тиіс.

86. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы талап-шағымды қарау кезінде қойылған талаптың заңдылығын және оның негізділігін тексереді.

Егер талап-шағымға өтініш иесінің қойған талаптарын растайтын құжаттар қоса берілмесе, онда өтініш иесіне құжатты ұсынудың жолдағы пошталық жіберілім уақытын қоспағанда, бес жұмыс күнінен кем болмауы тиіс мерзімін көрсете отырып, сұрату жіберіледі.

Талап-шағымда көрсетілген мерзімде талап етілген құжаттар алынбаған жағдайда қолда бар құжаттар бойынша қаралады.

87. Талап-шағымды алған тарату комиссиясы өтініш иесінің негізделген талаптарын мойындайды және оны талап-шағымды қарау нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

Талап-шағымға берілген жауапта:

1) заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның аты-жөні және бар болса әкесінің аты, талап-шағым берген өтініш иесінің және жауап жіберіп отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пошта деректемелері, жауап беріліп отырған талап-шағымның жазылған күні мен нөмірі;

2) егер талап-шағым толық немесе ішінара заңды деп танылған жағдайда орынды деп табылған сома, егер шағым-талап ақшалай бағалауға жатпайтын болса, оны қанағаттандыру мерзімі мен әдісі көрсетіледі;

3) талап-шағым толық немесе ішінара қайтарылған жағдайда - талап-шағымды қабылдамауға негіз болатын тиісті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарға сілтеме жасаумен қабылдамау негіздемесі;

4) жауапқа қоса берілген құжаттар мен өзге дәлелдемелердің тізбесі көрсетіледі.

88. Егер шағым толық немесе ішінара қабылданбаған жағдайда өтініш иесіне талап-шағыммен қоса алынған құжаттар қайтарылады, сондай-ақ талап-шағымның қайтарылуын негіздейтін құжаттар, егер олар талап-шағым берген өтініш иесінде жоқ болса жіберіледі.

89. Жауап арнайы немесе бағалы хатпен, оның жіберілуін белгілеуді қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдарымен жіберіледі.

90. Талап-шағымды беруге арналған мерзім сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ерікті таратылуы жөніндегі хабарландыру баспасөзде жарияланған

және талап-шағымды беруге арналған мерзім белгіленген күннен бастап е с е п т е л е д і .

Тарату комиссиясы дәлелді себептерге байланысты мерзімі өтіп кеткен жағдайда талап-шағымды Ереженің 84-88-тармақтарымен белгіленген тәртіппен қарайды.

91. Талап-шағымдарды беруге, сондай-ақ барлық берілген шағым-талаптарды қарауға арналған мерзім өткеннен кейін, тарату комиссиясы бір ай мерзімде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мүлкінің құрамы туралы мәліметтер, кредиторлар мәлімдеген шағым-талаптар тізбесі, оларды қараудың нәтижелері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторлары талап етпеген берешектер, кредиторлар талаптарының тізілімі көрсетілген активтер мен міндеттемелерге жүргізілген түгендеу нәтижелерін ескере отырып аралық тарату балансын жасайды.

Филиалдары және (немесе) өкілдіктері бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының аралық тарату балансы филиалдар мен өкілдіктердің аралық тарату баланстарын ескере отырып жасалады.

Аралық тарату балансы және оған қосымшалар, оның ішінде кредиторлар талаптарының тізілімі "Аралық тарату балансының нысандары, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату балансы, өзге есептер, тарату комиссиясының оларды ұсыну мерзімі мен тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 28 қазандағы N 418 қаулысымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде N 1727 тіркелген) белгіленген нысандар бойынша жасалады және акционерлердің жалпы жиналысында б е к і т і л е д і .

Аралық тарату баланстың қосымшаларымен бекітілген көшірмесін тарату комиссиясы уәкілетті органға ұсынады.

92. Тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізілімін кредиторлар талаптарын қанағаттандыру, олардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында жасайды және Сақтандыру қызметі туралы Заңның 72-бабымен белгіленген кезектілікке сәйкес келуі тиіс.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының даусыз болып табылатын кредиторларының талаптары кіреді.

93. Соттардың шешімдері бойынша орындаушы құжаттар орынды деп танылған талаптар болып табылады және аралық тарату балансы мен орындалмаған сома мөлшеріне сәйкес кезектілікпен кредиторлар талаптарының тізілімінде есепке алынады.

Ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына ұсынылған, заңды күшіне енген соттардың шешімдері бойынша

атқарушы құжаттар кредиторлардың талаптарын есепке алу үшін тарату комиссиясының төрағасына беріледі.

7-тарау. Ерікті таратылатын Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының талаптарын қанағаттандыру

94. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларымен есеп айырысуды тарату комиссиясы аралық тарату балансы мен оның қосымшаларын бекіткен күннен бастап жүзеге асырады.

95. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының орынды деп танылған талаптарын Сақтандыру қызметі туралы Заңның 72-бабында белгіленген кезектілік бойынша қанағаттандыруға тиіс.

96. Әр кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толық қанағаттандырғаннан кейін қанағаттандырылады.

97. Кредиторлардың талаптары бір кезекте қанағаттандырылған кезде ақша (мүлік) олардың арасында қанағаттандыруға жататын талаптар сомасына сайма-сай бөлінеді.

98. Кредиторлардың болған сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемдері жөніндегі бірнеше талаптары түскен жағдайда, оларды қанағаттандыру талаптардың түсу уақытына қарай жүргізіледі.

99. Тиісінше кезегі келген кезде кредитор талабы оның келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, оның ішінде ақша түрінде және (немесе) заттай нысанда есеп айырысудың пропорционалдық принципін сақтай отырып мүліктерді беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Талап-шағымдарды беру үшін тарату комиссиясы белгілеген мерзімі өткеннен кейін, бірақ тарату балансын бекіткенге дейін берілген кредиторлардың орынды деп танылған талаптары белгілеген мерзімде өтініш берілген кредиторлар талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкінен қанағаттандырылады.

100. Тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан не оларды қараудан жалтарған жағдайда кредитор сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы бекітілгенге дейін тарату комиссиясына талап-шағыммен сотқа өтініш беруге құқығы бар.

Кредиторлар белгіленген мерзімде өтініш беріп, бірақ тарату комиссиясы орынды деп танымаған, оларды қанағаттандыру туралы сот шешім шығарған талап-шағымдары кредиторлармен есеп айырысу үшін белгіленген кезектілік тәртібімен орындалады.

Көрсетілген талаптарды толық қанағаттандырғанға дейін есеп айырысу жасалып жатқан кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тоқтатылады.

101. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті таратылған жағдайда талап-шағымы тарату комиссиясымен орынды деп танылған және кредитор талаптарының тізіліміне енгізілген кезде, нотариус депозитіне борышты енгізу арқылы кредитор алдындағы міндеттемелерді орындау Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 291-бабымен белгіленген жағдайларда ғана мүмкін болады.

102. Кредиторлардың тарату балансы бекітілгенге дейін ұсынылмаған шағым-талаптары өтелген болып саналады.

Сондай-ақ, егер кредитор сотқа шағымданбаса тарату комиссиясы орынды деп танымаған кредитордың талаптары және сот шешімімен кредиторға қанағаттандырудан бас тартылған талаптар да өтелген болып саналады.

103. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін тарату комиссиясы "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен акционерлер арасында бөледі.

8-тарау. Өз еркімен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның кредиторлар комитетін қалыптастыру ерекшелігі және қызметі

104. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен таратылуы кезінде кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

105. Өз еркімен таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитеті құрамының тізімін тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен бастап он күндік мерзімде жасайды және оған тарату комиссиясының төрағасы қол қойып, бекіту үшін уәкілетті органға жіберіледі.

106. Кредиторлар комитетінің құрамына Сақтандыру қызметі туралы Заңның 72-бабымен көзделгендей кредиторлар талаптарының тізіміне енгізілген талаптарының ең жоғары сомасы бар кредиторлардың әр санатынан бір өкілден е н г і з і л е д і .

Кредиторлар комитетінің құрамына таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлері енгізілмейді.

107. Кредиторлар комитетінің мүшелері үш адамнан кем болмайтын тақ с а н н а н қ ұ р а л а д ы .

Кредитордың талабы толық қанағаттандырылған жағдайда, ол кредиторлар

комитетінің құрамынан шығарылады.

Мұндай жағдайда тарату комиссиясы уәкілетті органға бекітуге кредиторлар комитетінің тізімін кейіннен ұсыну арқылы кредиторлар комитетінің құрамына өзгерту енгізеді.

108. Тарату комиссиясы комитеттің бірінші мәжілісін өткізу орны мен күні жөнінде кредиторлар комитетінің барлық мүшелеріне хабарлайды.

Кредиторлар комитетінің бірінші мәжілісі кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап он күннен кешіктірмей өткізілуі тиіс. Кредиторлар комитеті бірінші мәжілісте комитеттің төрағасын сайлайды.

Кредиторлар комитетінің төрағасы комитеттің жұмыс жоспарын жасайды және бекітеді.

109. Кредиторлар комитеті:

- 1) тарату өндірісі барысында жасалатын барлық құжаттармен танысады;
- 2) кредиторлардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы жөнінде шағымдарын қарауға қатысады;
- 3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату өндірісі барысында кредиторлардың құқықтары мен мүдделері және Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы жөнінде, оның ішінде тарату комиссиясы төрағасының және (немесе) мүшелерінің өз міндеттерін орындамағаны және (немесе) тиісті түрде орындамағаны жөнінде уәкілетті органға хабарлайды;
- 4) тарату комиссиясының іс-әрекеттері бойынша сотқа және уәкілетті органдарға шағымданады;
- 5) тарату комиссиясының мәжілісіне және мүліктерді өткізу бойынша сауда-саттықпен қоса, кез келген тарату рәсімдерін жүргізген кезде оған қатысуға құқығы бар кредиторлар комитетінің мүшелері арасынан кредиторлардың өкілдерін сайлайды;
- 6) тарату комиссиясынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы жағдайы жөнінде ақпаратты талап етеді;
- 7) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дебиторлық берешегінен өндіріп алу мүмкін емес көлемін бекітеді;
- 8) тарату комиссиясы ұсынған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүліктерін сату жоспарын бекітеді;
- 9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын ескере отырып, тарату шығыстарының сметасын бекітеді;
- 10) жекелеген кредиторларды хабардар ету мүмкін еместігі жөнінде тарату комиссиясының актісін бекітеді;
- 11) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының балансынан мүлікті есептен шығару туралы тарату комиссиясының актісін бекітеді.
- 12) осы Ережеге сәйкес өзге өкілеттіктерін жүзеге асырады.

9-тарау. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын сақтауға және мұрағатқа беруін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

110. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына есеп беруді, сақталуы тиіс құжаттарды ресімдеу және сақтауды қамтамасыз ету, оның ішінде мұрағаттарды және құжаттарды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес тарату комиссиясының қызметіне байланысты мәселелер бойынша қойылатын барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

111. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясының құрамы өзгерген жағдайда сақталуы тиіс істерді және құжаттарды комиссиясының жаңа құрамына (оның жеке мүшелеріне) қабылдау-өткізу таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін және құжаттарын қабылдау-өткізу актісі негізінде жүргізіледі.

112. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметі нәтижесінде пайда болатын құжаттардың тізбесін сақтау мерзімін көрсете отырып, уәкілетті орган бекітеді.

113. Істер мен құжаттардың сақтау мерзімін есептеу іс жүргізу аяқталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан басталады.

114. Сақтауға жатқызылмаған құжаттарды жою мұрағаттарды және құжаттаманы басқару жөніндегі тиісті органның сараптамалық-тексеру комиссиясының келісімі бойынша тарату комиссиясының төрағасы бекітетін актімен ресімделеді.

115. Құжаттарды тиісінше ресімдемей және келіспей жоюға, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген құжаттарды сақтау мерзімін бұзуға жол берілмейді.

116. Таратылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылуы толық аяқталу сәтінде сақтау мерзімі өтпеген уақытша сақталуы тиіс құжаттары уәкілетті органның аймақтық өкілдіктеріне қабылдау-өткізу актісі бойынша беріледі.

117. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тұрақты сақталуы тиіс құжаттары тиісінше ресімделеді және тиісті мемлекеттік мұрағатқа сақтауға беріледі.

118. Істерді мұрағаттық сақтауға беруге дайындаған кезде құжаттардың есепке алуын және сақталуын ұйымдастыруға жауапты тұлға олардың ресімделуінің, қалыптастырылуының дұрыстығын және тізімдемеге енгізілген

істер санының таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істер номенклатурасына сәйкес расталған істер санына сәйкестігін тексереді.

Құжаттарды беру тізімдемелер бойынша жүзеге асырылады және актімен
р е с і м д е л е д і .

Егер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын өңдеудің жай-күйі және сапасы тиісінше жағдайға сай болмаса, онда тарату комиссиясы оны ретке келтіруді ұйымдастырады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын сақтауды ұйымдастыру жөніндегі шығыстар таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаражаты есебінен жүргізіледі.

10-тарау. Таратуды аяқтау

119. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысқаннан кейін тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілетін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгілеген нысандар бойынша тарату балансын және есепті жасайды.

120. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату балансы мен тарату туралы есеп бекітілгеннен кейін оларды он күндік мерзім ішінде уәкілетті органға және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына ұсынуға міндетті.

121. Тарату комиссиясының өкілеттігі әділет органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратуды тіркеу туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын мұрағатқа сақтауға өткізу туралы бұйрықты алғаннан кейін және осы туралы уәкілетті органға хабарлама жасағаннан соң тоқтатылады.

11-тарау. Қорытынды ереже

122. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормаларына сәйкес шешіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарын ерікті тарату

ережесіне қосымша

таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының атауы

Кассирдің қабылдаған және берген ақшаларын
(құндылықтарды) есеп алу

Кітабы

Басталды: _____

Аяқталды: _____

Кітаптағы жазба оны толық пайдаланғанға дейін жүргізіледі

Кіріс				
Келіп түскен күні	Кімнен қабылданып алды (фамилиясы, аты, болған жағдайда әкесінің аты)	Кіріс құжаттарының саны (данамен)	Санмен сомасы (валюта түрін көрсете отырып, бірліктермен)	Жазбамен сомасы
...сол күнгі жиынтығы				

кестенің жалғасы

Мақсатты пайдалануы	Кассирдің қолы	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы бас бухгалтерінің қолы	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы төрағасының қолы

Шығыс

Берілген күні	Кімге берілді (фамилиясы, аты, бар болса әкесінің аты)	Шығыс құжаттарының саны (данамен)	Санмен сомасы (валюта түрлерін көрсете отырып)	Жазбаша сомасы
... сол күнгі жиынтығы.				

кестенің жалғасы

Мақсатты пайдалануы	Кассирдің қолы	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы бас бухгалтерінің қолы	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату төрағасының қолы

Растау жазбасы

20__ жылғы " __ " _____ жазбаға арналған осы кітаптың жиынтығы
(к ү н і) (а й ы)
_____ нөмірден бастап
(таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)
_____ нөмірді қосқандағы нөмірленген, тігілген және мөрмен жабылған
_____ парақтар бар.

20__ жылғы " __ " _____
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
тарату комиссиясының Төрағасы _____ (фамилиясы, аты-жөні)
қ о л ы
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
тарату комиссиясының Бас бухгалтері _____ (фамилиясы, аты-жөні)
қ о л ы
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
тарату комиссиясының кассирі _____ (фамилиясы, аты-жөні)
қ о л ы